АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ АТЫНДАҒЫ №1 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №1 ИМЕНИ ТАЛГАТА БИГЕЛДИНОВА» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жыл «2» қыркүйек **№197 - Н/Қ**

Астана қ-сы **г.Астана**

2025-2026 оқу жылына оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан айындағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты, тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Г.Жумашбекова, әлеуметтік педагог Д.Ш.Пленник, бас есепші А.К.Қалдыбекова 2025 жылғы 02 қыркүйектен бастап 1-11 сынып оқушыларына ыстық тамақ ұйымдастырсын және қамтамасыз етілсін.

2.Әлеуметтік педагог Д.Ш Пленникке тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тізімін бекіту.Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну бойынша сапалы мемлекеттік қызмет көрсету қамтамасыз етілсін. Аз қамтылған отбасындағы балалардың тамаққа баруын қадағаласын.

3.Оқу жылының басында шикі және дайын өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыратын, асханада санитарлық – гигиеналық нормалардың сақталуын бақылайтын мектеп-лицей директорының төрағалығымен ата-аналар мен мектеп-лицей әкімшілігі қатарынан тамақ сапасын бақылау бракераж комиссиясы құрылсын.

4.Медицина қызметкері, әлеуметтік педагогпен оқушылардың тамақтану кестесі мен ұзақтығы әзірлесін.

5.Оқу жылы ішінде бекітілген күнделікті және перспективалық мәзір болсын, СанПиНнің талаптарына сәйкес бракераж журналдары жүргізілсін.

6.Тоқсан сайын директор жанындағы кеңеске немесе педкеңеске тамақтану сапасы туралы есеп берілсін.

7.Ай сайын білім басқармасына мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет бойынша есеп ұсынылсын.

8.Н.Б.Губская мектеп сайтында «Мектеп тамағы» айдарын қайта қарасын. Мектептегі тамақтануды,мәзірді, бракераж комиссияның құрамын және т.б. ұйымдастыру бойынша ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етсін.

9.Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауымда қалдырамын.

Директор **М.Д. Рысмухамбетова**

Бұйрықпен таныстым: